

**Музыка жетекшісінің 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы

Топ: «Балбөбек» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3-4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы, 2022-2023 оқу жылы.

| <b>Айы</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекет</b> | <b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</b>   |
|------------|----------------------------------|--|
| Караша     | Музыка                           | <p>- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Музыкаға қызығушылық пен сүйіспеншілікті қалыптастыру. Классикалық, халықтық және заманауи музыкамен таныстыру негізінде музыка мәдениетін қалыптастыру.</p> <p><b>Музыка тындау.</b></p> <p>Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажыратып белгілеуден бастап музикалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айтуды.</p> <p>Музыканың сипатын бейненің мазмұнымен, оның көңіл-күйімен байланыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыру.</p> <p>Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету.</p> <p>Шығармалардың жеке фрагменттері бойынша (кіріспе, қорытынды, музикалық</p> |

фразалар) әуендерді тану арқылы музыканы есте сақтауды жетілдіру.

### **Ән айту.**

Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту, ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.

### **Музыкалық-ырғақтық қимылдар.**

Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қымыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.

Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру.

### **Билер.**

Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.

### **Би шығармашылығы.**

Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би

|  |  |
|--|--|
|  | <p>қымылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.</p> <p>Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p> |
|--|--|